

қайта ұйымдастырылды.

Нәтижесінде, жерде шаруашылық жүргізудің көпукладты нысаны құрылды және ауылда нарықтық қатынастар дамыды. Өндірістің жаңа нарықтық инфрақұрылымы пайда болып, нығая түсті. Осының бәрі аграрлық өндірісті тиімді жүргізуге жағдай туғызады.

Аграрлық сектордың өткен жылдардағы дамуының ішкі және сыртқы факторларын жинақтап, қорыта келіп, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- аграрлық сектордағы жағдайдың нашарлап кетуінің негізгі себептерінің бірі - аграрлық секторды және тұтас алғанда ауылдық жерлерді, жаңа нарықтық жағдайларда басқару мен реттеуде мемлекет рөлінің ақырына дейін іске асырылмауы;

- басқару мен реттеу объектісі технологиялық байланысты тізбектерді - өндірісті, дайындауды, қайта өңдеуді және өткізуді қамтитын қалыптасып отырған өнім нарықтары емес, тікелей ауыл шаруашылығы қызметі болды;

- азық-түліктің әлемдік нарығы аграрлық протекционизммен қатты бұрмаланған жағдайда, ырықтандырылған сыртқы сауда режимі жағдайында мемлекеттік қолдау шараларының қысқаруы және тұтас алғанда саланы мемлекеттік реттеу деңгейінің төмендеуі жалпы әлемдік практикаға қайшы келеді.

1. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы №735 Жарлығы, Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 43-44, 532-құжат.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазанда "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Жолдауы.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі № 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Ауыл аймақтарының жағдайының сараптамасы».

4. Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауының (Жол картасы) Пункт 1.1.2.

5. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» Жолдауы. (Астана, 19 наурыз 2004 жыл). – Жеке ресми басылым.

В настоящей статье рассматриваются вопросы важнейшей отрасли современной рыночной экономики, как аграрный сектор страны. Сравнивая аграрный сектор Казахстана с другими странами мира, предлагает пути, стимулирования конкуренций в международной торговле.

This article discusses the most important sectors of the modern market economy and the agricultural sector. Comparing the agricultural sector in Kazakhstan with other countries, offers a way to stimulate competition in international trade.

А. Зейдилда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР РЕСУРСЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Адам қоғамының барлық өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында жер өте маңызды роль атқарған. Жер адам баласының барлық мұқтаждықтары үшін керек бірден-бір арсенал. Жер – табиғаттың берген сыйы ретінде, адам қоғамының пайда болуына дейін болған. Жер өзінің еңбектің жалпы заты қызметін атқару үшін міндетті түрде оны біреу иемденуі және өндірістік процесін жүзеге асыруы қажет. Жер ең негізгі табиғат байлығы – ол барлық тіршілік көзі және өмір сүру ортасы. Оны адамдар өздеріне керек қоректі заттардың 88%-ын егістік жерлерден, 10% ормандар мен жайылымдардан, 2% теңіз бен мұхит суларынан алады. Дүниежүзіндегі жер ресурсының жалпы көлемі 149 млн. км. шаршы кв. немесе құрлықтың 86,5% қамтиды. Соның ішінде Қазақстан жер қорының үлесі 272,5 млн. га құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз әлемде жер көлемі бойынша 9 орынды иеленеді. Мемлекеттік шекараның ұзындығы - 13392,6 км-ді құрайды, соның ішінде Ресеймен - 7591,0 км, Өзбекістанмен - 2351,4 км, Қырғызстанмен - 1241,6 км, Қытай Халық Республикасымен - 1782,8 км, Түркменістанмен - 425,8 км-ді қамтиды.

Республиканың әкімшілік аумақтық құрылымына 14 облыс, 2 республикалық маңызы бар қалалар, 160 әкімшілік аудандар, 86 қала, 174 поселкі, 7660 ауылдық жерлер кіреді. Қазіргі жаһандану кезінде, адамзат табиғатқа араласу белсенділігін арттырған жағдайда, табиғи объектілерді қорғау ерекше маңызға ие, ұзақ уақыт бойы қалпына келетін жер ресурстарын ұтымды пайдалану саласында жалпы глобалдық және ішкі мемлекеттік өзара келісілген шараларды қалыптастыру қажет. Көптеген зерттеушілер осыған байланысты жердің ерекше

маңыздылығын атап өткен. Б.Ж. Әбдірайымов, жер дегеніміз – мемлекет пен халықтың өмір сүру қызметінің негізі болып табылатын табиғаттың басты объектісі. Жерге меншік нысаны, иелену мен пайдалануға кімге берілгендігі және жердің сандық, сапалық жағдайына біздің болашағымыз тәуелді деп жазған болатын [1].

А.Х. Хаджиевтың пікірі бойынша, жердің табиғи қасиеті өзге қоршаған табиғи орта объектілерімен өзара байланыс жүйесінде басым орнын белгілейді. Орман, су, жануарлар дүниесі табиғат объектілері ретінде жермен байланыссыз өмір сүре алмайды. Тек қана жермен тығыз байланыста бола отырып, олар өздерінің өсіп өну мүмкіндіктері мен ерекше қасиеттерін сақтайды және барлық табиғи кешендермен бірге экологиялық қызметін жүзеге асырады [2].

Жер – барлық адамзат баласының өмір сүруінің негізі болып табылатын негізгі табиғи объект. 2003 жылы 20 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 12-бабы 7-тармағына сәйкес, жер – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі [3]. Жер ерекше белгілерге ие. Н.А. Сыроедовтың пікірі бойынша, жердің қайта қалыптасушылық, орны толмастық және шектеушілік сияқты белгілермен сипатталады [4].

А.Х. Хаджиев, жердің айрықша белгілері ретінде келесі белгілерді айтады:

- жердің құнарлы қабатының болуы;
- жердің өндірістік қабілеті мен тұтынушылық бағалығын қалпына келтіру және сақтап қалу мүмкіндігі;
- кеңістіктік шектеулік;
- орнынан қозғалта алмайтындық, орналасқан жерінің тұрақтылығы.

Осы белгілер жердің функционалдық сипаты мен әлеуметтік құндылығын анықтайды.

Материалдық өмірдің өзге объектілерінен жер өзінің табиғи түрде пайда болуымен ерекшеленеді. Өйткені жер адам еңбегінің жемісі болып табылмайды. Жер бұл-экологиялық функцияны жүзеге асыратын қоршаған ортаның ең басты компонентінің бірі болып есептеледі. Сондықтан адам өмірі және мекен етуі үшін жердің маңызы зор. Сонымен, жердің келесі белгілерін бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, жер құнарлыққа ие. Құнарлық табиғи және жасанды (экономикалық) болуы мүмкін. Табиғи құнарлық – ұзақ мерзім ішінде құнарлану процесінің нәтижесі. Бұл топырақта құнарлы заттардың болуымен және өсімдіктер әлемі үшін қол жетімдікпен анықталады.

Табиғи құнарлық мелиорация және агротехника арқылы адамның топырақтың химиялық, биологиялық және физикалық қасиетіне әсер етуі арқылы жасандыға ауысады.

Екіншіден, жер – табиғаттың өнімі, өзге өндіріс құралдары сияқты адам қолымен жасалмаған.

Үшіншіден, жер айырбасталмайды. Өндіріс құралдарынан айырмашылығы оның еш нәрсемен айырбасталмайтындығы.

Төртіншіден, жерді пайдалану жердің тұрақтылығымен ерекшеленеді. Жерді өзге өндіріс құралдары сияқты басқа бір жерге ауыстырып, қолдануға болмайды.

Бесіншіден, жер беті шектеулі. Жерді өзге өндіріс құралы сияқты сандық жағынан ұлғайтуға болмайды.

Аталған белгілер мен себептерге байланысты жер сату-сатып алу объектісі болғанымен және мүлік ретінде танылғанымен, өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болатын мүлікпен, өніммен немесе өзге затпен теңеспейді. Сол себептен, жерді азаматтық айналымның еркін объектісі ретінде тануға болмайды және табиғи ресурс ретінде сақталуын, ұтымды және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының жер қоры 2003 жылы 20 маусымда қабылданған Жер кодексінің 1-бабына сай, нысаналы мақсатына сәйкес:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер;
- 5) орман қорының жерлері;
- 6) су қорының жерлері;
- 7) босалқы жер санаттарына бөлінеді.

ҚР Жер қорын осындай санаттарға бөлу өзінің заңдық мақсаты мен мағынасы бар.

Жердің жеке меншік институтының енгізілуі оны қорғау мәселесіне де ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Өйткені жерді өз меншігіне немесе уақытша пайдалануға алған тұлға оны заң

талаптарына сай пайдалануы тиіс. Ал кей-кезде бұл талаптар орындалмай, оның салдары жердің қасиетінің бұзылып, ластануына және оны одан әрі мақсатты пайдаланылуына мүмкіндік бермей отыр. Бүгінде Қазақстан Республикасының жер учаскелері әртүрлі ластанудан зардап шегіп жатыр. 2007 жылы қабылданған ҚР Экологиялық кодексында «қоршаған ортаның авариялық ластануы», «химиялық ластану», «радиоактивті ластану» сияқты терминдер кездеседі. 2004-2015 жылға арналған ҚР экологиялық қауіпсіздік концепциясында химиялық, радиоактивті және бактериологиялық ластану терминдері қолданылған. Бұдан қорытындылай келе, қоршаған ортаны ластау – адамның шаруашылық және өзге де қызметін жүргізу арқылы қоршаған орта нормативтерін сақтамау барысында адамның денсаулығы мен өміріне, табиғи ресурстарға зиян келтіру салдарынан қоршаған ортаның физикалық, биологиялық, химиялық қасиетінің өзгеруі. Әсер ету типіне байланысты жердің ластануы: 1) физикалық ластану; 2) химиялық ластану; 3) биологиялық ластану деп бөлінеді. Физикалық ластану қоршаған ортаның физикалық параметрлерінің өзгеруімен байланысты: температура-энергетикалық (жылулық ластану), толқындық (күннің, желдің, судың, электромагниттің әсері), радиациялық (радиациялық ластану). Қазіргі таңда жер қойнауының өзгеріске ұшырауының бірі болып шөлейттену танылады. Қазақстан территориясының 60 процентке жуық аумағына шөлейттену қаупі төнуде. 215,9 млн. га ауылшаруашылық алқаптардың 42,3 млн. га (20%) тасты жерлер, 58,9 млн. га (27,3%) құрамында тұзы бар жерлер, 4,99 млн. га (2,3%) шайылған жерлер, 25,6 млн. га (11,9%) дефлирленген жерлер қатарына жатады. 182,6 млн. га жайылымдық жерлердің 24,1 млн. га көлемі шөлейттену процессіне ұшыраған. Дефлирленген жерлердің ең көп бөлігі: Алматы облысы (4988,7 мың га.), Атырау облысы (3185,8 мың га.), Оңтүстік Қазақстан облысы (3112,9 мың га.), Қызылорда облысы (2914,1 мың га.) және Жамбыл облысын (2849 мың га.) қамтиды. Су және жел эрозиясынан Оңтүстік Қазақстан (178,6 мың га.) және Маңғыстау облыстарының (8,3 мың га.) жерлері зардап шегеді. Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін бұл қоршаған орта мен жердің радиациялық ластануға ұшырауы болып есептеледі. Радиациялық ластанудың мынадай 4 қайнар көзі бар:

1) уранбайыту мен қайтаөндіруді жүзеге асыратын істен шыққан кәсіпорындардың қалдықтары;

2) атом қаруын сынау салдарынан ластанған аумақтар;

3) мұнай құрылысы мен мұнайөндіру өндірісінің қалдықтары;

4) атом реакторымен байланысты жұмыстарды жүргізу салдарынан пайда болған қалдықтар.

Қазақстан уран өндіруге және оны тасымалдауға басты көңіл бөледі. Казатомпромның мәліметіне сүйенсек, әр жыл сайын 2.5 мың тонна (дүниежүзілік уран өндірудің 5%-ын қамтиды) уран өндірілсе, бұл көрсеткіш 2009 жылы 10%-ға артты. Қазақстан Республикасында әлі күнге дейін экологиялық талаптарға сай жауап беретін радиоактивті көму орындарының және радиоактивті қалдықтарды жоятын техниканың болмауы салдарынан қоршаған ортаға, соның ішінде жерге өте үлкен мөлшерде зиян келуде [5].

Ал Семей полигонында атом қаруларын сынау әсерінен радиоактивті зиянды заттар 304 мың шаршы км аумаққа жайылды.

Жердің химиялық ластануы химиялық заттардың жерге жайылуымен (сіңуімен) сипатталады. Б.Ж. Абдраимов және Е.Ж. Жарылқасын көрсеткендей, жердің химиялық ластануы – улы заттың ену салдарынан жердің бастапқы қасиетін жоғалту процесі.

Қазақстанда бүгінгі күндері экономиканың дамуының негізі минералды-шикізат комплексін қамтитын тау-кен байыту, энергетикалық, металлургиялық, химиялық өндіріс болып табылады. Мұның өзі қоршаған ортаның басты ластауыш көзі болып есептеледі.

Тау-кен байыту және металлургия өндірісінің салдарынан Шығыс Қазақстан облысының 976 га. жер бетінде 1,3 млрд. тоннадан астам зиянды қалдықтар орналасқан. Әр жыл сайын 30 млн. тонна қалдықтар қосылып жатады. Облыстың жерлері мыс, мырыш, кадмий, қорғасын, мышьяк сынды химиялық элементтермен әрекетке түсіп өз бастапқы қасиетін жоғалтады [6]. Ал Балқаш аумағының ластануы Балқаш тау-металлургия комбинатының жерді улы және ауыр металды заттармен ластауының себебінен болуда. Бұған қоса, бұның салдарынан жердің тұздалуы мен шөлейттену процесі болып жатыр.

Кейбір жер санаттарының көлемдерінің азаюы жер заңнамасының талаптарын сақталмауының бір айғағы деп санауға болады.

2007 жылы Жер ресурстарын басқару Агенттігінің шаруашылық жүргізуші субъектілердің жер заңнамасын сақтауға байланысты 8200 тексеру іс-шаралары жүргізілді. Тексеріс қорытындысы бойынша 3500 заң бұзушылық анықталды. 879 азаматқа 9,2 млн. теңге көлемінде, 751 заңды тұлғаға - 42 млн. теңге көлемінде, 1403 лауазымды тұлғалар мен кәсіпкерлерге - 25 млн. теңге

көлемінде әкімшілік жауапкершілікке тартылып айыппұл салынды. Статистика көрсеткендей сотқа берілген 762 істің 46%-ы жерге қатысты мемлекеттік мешік құқығын бұзуға байланысты, 20%-ы жерді ұтымды және ауылшаруашылық жерлерін пайдаланбау, 17%-ы жерді мақсатты пайдаланбауға қатысты қаралды.

Ал 2008 жылғы мәліметке сәйкес, жерге қатысты нормативтік актілерді сақтамау салдарынан республика көлемінде 600-ге жуық заң бұзушылық анықталды. Жерді ұтымды және мақсатты пайдаланбағаны үшін 562 заң бұзушыға айыппұл салынды.

Жер қорларын басқаруға байланысты Шығыс Қазақстан облыстық аймақтық басқармасының тарапынан ауылшаруашылығы бағытындағы жерлерді ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Жерді ұтымды пайдалануға байланысты 2008 жылы 253 тексеріс жүргізілді. Соның нәтижесінде 1596,2 гектар жерде 216 заң бұзушылық анықталды, әкімшілік істерді қарау барысында 53 субъект ескерту алды, 38 субъектке 73,294 теңге айыппұл салынды. 2009 жылы жерді қорғау мен пайдалану іске асыру мақсатында 1201 тексеру жүргізілді. Соның нәтижесінде 101027,0 гектар жерде 976 заң бұзушылық анықталды. Әкімшілік істерді қарастыру барысында 295 субъект ескерту алды, 237 субъектке жалпы сомасы 3323,271 мың теңге айыппұл салынды [7].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы үшін мұндай проблемелардың болуы үлкен және қажырлы іс-әрекеттерді талап етеді. Ең алдымен, бұл мәселер заңдық тұрғыда реттелуі тиіс. Қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды, соның ішінде жерді ластанудан, бүлінуден, шөлейттенуден, өзге де зиянды салдардан қорғау мақсатында 1993 жылы Орман, Су кодекстері, 1995 жылы ҚР Президентінің «Жер туралы» Жарлығы, 1996 жылы «Жер қойнау және жер қойнауын пайдалану туралы» Жарлық, 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы» және т.б. нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Уақыт өте келе бұл актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, кейбіреулері күшін жойып олардың орнына заман талабына сай жауап беретін 2003 жылы «Жер кодексі», «Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы», «Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану ережесін бекіту туралы» Үкімет қаулылары, 2007 жылы «Экологиялық кодексі» т.б. қабылданды.

1. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении земельных споров. Алматы: Борки, 1998.-С. 17.
2. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть). - Алматы: «Данекер». 2001.—298 с.
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған, №442-II – Алматы, 2007. -100 б.
4. Аксененок Г.А., Иконичкая И.А., Краснов Н.И. Общая теория советского земельного права. М.: «Наука», 1983.-123с.
5. Джабаилдаева Г.Т. Правовые аспекты охраны почв в Республике Казахстан. //Материалы международной практической конференции. -Алматы, 2009.-С. 337-343.
6. Кожамметова А.А. Правовые проблемы борьбы с опустыниванием земель в Республики Казахстан. Материалы международной практической конференции-Алматы, 2009.-С 344-347.
7. Самархан К. Нарушители земельного законодательства. <http://www.nomad.su>

In article the author makes comparative analysis of special characteristics of a ground resource and kinds of ecological pollution of the ground. Also, the statistical data is given about ecological harm of activity of subjects of economic conducting.

В статье автор делает сравнительный анализ особых признаков земельного ресурса и видов экологических загрязнений земли. Также приведены статистические данные об экологическом вреде деятельности субъектов хозяйственного ведения.

А.С. Кожамкулова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Табиғат – бүкіл әлем. Табиғат – адамның өмір сүретін ортасы. Адам табиғатта өмір сүреді, онымен тұрақты қатынаста болады. Табиғат-Ананы аялап, оны келер ұрпаққа жеткізу – ел болашағын ойлайтын кез келген жанның азаматтық парызы. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы